



010000, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауд., Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй, 11-к. 010000, г. Нур-Султан, Есильский р-он, проспект Мәңгілік Ел, д. 8, п. 11
Тел. 8 (7172) 74-24-59, 74-16-58 (кабылдау) Тел.: 8 (7172) 74-24-59, 74-16-58 (приемная)
sc.edu.gov.kz sc.edu.gov.kz

2020 ж. 29.10. №№ 1435/16-8
№

**Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
Ғылым комитетіне бағынысты
ұйымдар мен мекемелер
басшыларына**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті (бұдан әрі – Комитет) «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы қатысушыларына сатып алумен жалға берілетін тұрғын үйді өткізу туралы 2019 жылғы 5 маусымдағы келісім (бұдан әрі – Келісім) негізінде сатып алу құқығымен жалға берілетін 1000 пәтер 2019-2020 жылдар аралығында «Қазақстан ипотекалық компаниясы» акционерлік қоғамының ұсынысы түскен жағдайда қалалар бөлінісінде Министрлік пен Министрлікке қарасты ұйымдар мен мекемелер жұмыскерлері арасында ұйым не мекеменің лимиті шегінде кезектілікпен бөлінетіндігін хабарлайды.

Сонымен қатар, Келісім талаптары мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) Тұрғын үй комиссиясының 2019 жылғы 25 шілдедегі № 3 хаттамасымен бекітілген басымдықтар мен критерийлер негізінде өтініштер Сіз басқарып отырған ұйым мен мекеменің тұрғын үй комиссиясында қаралып, бекітілген кезектілік тізімінің ашықтығын көрсету мақсатында ұйым не мекеменің Интернет сайтында жариялау қажеттігін ескертеміз.

Келісімнің 1.7-тармағына сәйкес Бағдарлама қатысушыларына қойылатын негізгі талаптардың бірі – Министрлікпен, оның құрылымдық бөлімшелерімен, немесе оларға бағынысты ведомстволық ұйымдар мен мекемелермен еңбек қатынастарында тұратын жұмыскерлер Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жеке тұлғалар болуы және жұмыскер мен оның отбасы мүшелерінде тұрғын үйдің болмауы тиіс.

Осыған орай, тізімде тұрған жұмыскермен еңбек қатынасы тоқтатылған, немесе жұмыскер, не оның отбасы мүшесінің атына тұрғын үй тіркелген жағдайда, аталған жұмыскерді тізімнен алып тастау қажет етіледі.

Бланк сериалық нөмірсіз жарамсыз болып табылады. Жауап қайтарарда міндетті түрде біздің № және күні көрсетілген керек.
Бланк без серийного номера не действителен. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

Аталған талап бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес жұмыскермен түсіндіру жұмыстары жүргізілуі керек.

Ары-қарай, осы талапқа қатысты тізімді жаңартып, қосымшадағы нысанда Министрліктің сұранысына сәйкес жіберіп отыру қажеттігін мәлімдейміз.

Сондай-ақ, 2019 жылғы 5 маусымға дейін тұрғын үйдің бірінші кезегінде есепте тұрған жұмыскер жұмыс орнын Министрлік, оның құрылымдық бөлімшелері, бағынысты ұйымдар мен мекемелер арасында ауыстырған жағдайда, жаңа жұмыс орны бойынша бірінші кезекке ауыстырылуы қажет.

Қосымша: 2 п.

Төраға



Ж. Курмангалиева

Орын.: У. Ауелбекова
Тел.: 74-19-05